

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ  
«ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ  
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ»

Пр 017-3.18-2025


13.02.2025 ж.

Саясат  
нормативтік құжат түрі

Бет 1-14

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
«ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ  
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫ**

Алматы  
2025 ж.

|                                                                                  |                                                                                                                                                                    |                 |
|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ<br>АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ<br>ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-3.18-2025 |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                    | 13.02.2025 ж.   |
|                                                                                  | <u>Саясат</u><br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                            | Бет 2-14        |

## АЛҒЫ СӨЗ

### 1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар саясаты бөлімі

### 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің 2025 жылғы «13» ақпандағы шешімімен № 7 хаттама

### 3. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ҚОСУ

### 4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ 3 ЖЫЛ

|                                                                                  |                                                                                                                                                                    |                 |
|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ<br>АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ<br>ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-3.18-2025 |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                    | 13.02.2025 ж.   |
|                                                                                  | <u>Саясат</u><br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                            | Бет 3-14        |

## Мазмұны

|                                                                                                    |    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1. Жалпы ережелер.....                                                                             | 4  |
| 2. Терминдер және анықтамалар.....                                                                 | 5  |
| 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат пен міндеттер.....                       | 5  |
| 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары.....                                 | 6  |
| 5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелер..... | 7  |
| 6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы ісқимыл жөніндегі шаралар кешені.....           | 9  |
| 7. Сыйлықтар және өкілдік шығындар.....                                                            | 9  |
| 8. Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу.....                                                  | 10 |
| 9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау.....                                                     | 10 |
| 10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.....                                        | 10 |
| 11. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар.....                                 | 11 |
| 12. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеу.....                                  | 11 |
| 13. Өзара ынтымақтастық.....                                                                       | 11 |
| 14. Жауапкершілік.....                                                                             | 11 |
| 15. Қайта қарау және өзгерістер енгізу тәртібі.....                                                | 12 |
| 16. Келісу парағы.....                                                                             | 13 |
| 17. Танысу парағы .....                                                                            | 14 |

|                                                                                  |                                                                                                                                                                    |                 |
|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ<br>АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ<br>ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-3.18-2025 |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                    | 13.02.2025 ж.   |
|                                                                                  | Саясат<br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                                   | Бет 4-14        |

Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген  
«Темірбек Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ  
2025 жылғы «13» ақпан, № 7 хаттама

## **ҚР МАМ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РММ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫ**

### **1. Жалпы ережелер**

- Осы ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (бұдан әрі- Академия) Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және Академияның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.
- Саясат сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастырудың негізгі қағидаттарын, тәсілдері мен талаптарын регламенттейтін, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күрестің басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайтын Академияның ішкі құжаты болып табылады.
- Осы Саясат келесіні белгілейді:
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттерді;
  - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары;
  - Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелер;
  - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені;
  - осы Саясатты сақтау бойынша жауапкершілік.
- Осы Саясаттың негізгі мақсаты Академия қызметкерлерінің мінез-құлқын жоғары стандарттарына ықпал ететін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға әкеліп соғатын себептер мен жағдайларды анықтау, зерттеу, шектеу және жою жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу және енгізу болып табылады.



|                                                                                  |                                                                                                                                                                    |                 |
|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ<br>АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ<br>ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-3.18-2025 |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                    | 13.02.2025 ж.   |
|                                                                                  | <u>Саясат</u><br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                            | Бет 5-14        |

5. Осы Саясат Академияның барлық қызметкерлерінің танысуы, орындауы және мүлтіксіз сақтауы үшін міндетті болып табылады.

## 2. Терминдер және анықтамалар

6. Бұл Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы — «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік-құқықтық актілер;
- 2) мүдделер қақтығысы — қызметкерлердің жеке басының мүдделері мен олардың лауазымдық міндеттері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке басының мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін тиісінше дұрыс орындамауына әкеп соғуы мүмкін;
- 3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық — заңда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
- 4) сыбайлас жемқорлық тәуекелі — сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл — Академияның өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу — алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерттеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызмет.

## 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат пен міндеттер

7. Академияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты лауазымды және оларға теңестірілген адамдарды, сондай-ақ қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін барынша азайту болып табылады.

|                                                                                   |                                                                                                                                                                    |                 |
|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ<br>АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ<br>ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-3.18-2025 |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                    | 13.02.2025 ж.   |
|                                                                                   | Саясат<br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                                   | Бет 6-14        |

8. Қойылған мақсатқа жету үшін осы Саясат мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

- 1) кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік түсінігін қалыптастыру;
- 2) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын жалпылау және түсіндіру;
- 3) Академияның лауазымды және оларға теңестірілген тұлғаларының Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болғызбау жөніндегі барабар рәсімдерді жүзеге асыру міндетін белгілеу;
- 4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеу және енгізу.

#### **4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары**

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары болады:

- 1) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік — Академияның өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықтан толық бас тарту қағидатын ұстанады. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидаты Академияның атынан әрекет ететін, Академияның қызметкерлері үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;
- 2) жазаның міндетті түрде болуы — Академияның жұмыскерлерді атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өздерінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда өзге де жағдайларға карамастан жазалаудың міндетті түрде болатыны туралы мәлімдейді;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі — Академиядағы процедураларды мүмкіндігінше ашық, айқын, орындалатын етіп жасауға тырысады, бұл оларды жүзеге асыруды және маңызды нәтиже алуды қамтамасыз етеді;
- 4) өзара әрекеттесу және үйлестіру — Академияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы мемлекеттік органдармен, сондай-ақ мүдделі



|                                                                                   |                                                                                                                                                                    |                 |
|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ<br>АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ<br>ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-3.18-2025 |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                    | 13.02.2025 ж.   |
|                                                                                   | Саясат<br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                                   | Бет 7-14        |

қоғамдық ұйымдармен және жеке тұлғалармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты қамтамасыз етеді.


## **5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелер**

10. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес, жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар/құқық бұзушылықтар келесідей болып табылады (бірақ аталғандармен шектелмейді):

- 1) лауазымды және оларға теңестірілген адам сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе ысырап ету, егер бұл әрекеттер оның өзінің қызметтік жағдайын пайдалануымен ұштасатын болса;
- 2) адам өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып жасаған қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңдастыру (жылыстату);
- 3) лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;
- 4) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;
- 5) пара алу, пара беру, пара беру делдалдығы;
- 6) қызметтік жалғандық;
- 7) қызметтегі әрекетсіздік;
- 8) билікті асыра теріс пайдалану, биліктің асып кетуі немесе әрекетсіздік;
- 9) немқұрайлылық;
- 10) жеке және заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;
- 11) лауазымды және оған теңестірілген адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы;
- 12) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау.

11. Академияның қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын, сондай-ақ осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндетті. Осы Саясатты іске асыру кезінде академия қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға тыйым салынатындығына негізделеді, атап айтқанда:

- 1) пара беруді ұсыну, уәде беру немесе жүзеге асыру, яғни кез-келген адамды өзінің лауазымдық міндеттерін орынсыз орындауға ынталандыру ниетімен кез-келген қаржылық немесе басқа пайда/артықшылық беру немесе уәде беру;

|                                                                                  |                                                                                                                                                                    |                 |
|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ<br>АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ<br>ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-3.18-2025 |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                    | 13.02.2025 ж.   |
|                                                                                  | <u>Саясат</u><br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                            | Бет 8-14        |

2) пара алуды талап ету, қабылдау немесе келісу, яғни өз міндеттерін тиісінше дұрыс орындамағаны үшін кез-келген қаржылық немесе басқа пайда/артықшылық алуға келісу немесе алу;

3) қолданыстағы заңнамада көзделгендерді қоспағанда, төлемдерді ұсыну, уәде ету немесе жүзеге асыру, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату үшін сыйлықтар ұсыну;

4) белгіленген процедураларды жеделдету немесе жеңілдету үшін төлемдер қолданылуы мүмкін деген күдік туындаған кезде үшінші тұлғаларға төлемдер ұсыну, уәде беру немесе жүзеге асыру;

5) жеке пайда алу үшін академияда (оның ішінде уақытша негізде) жұмысқа орналасуды ұсыну немесе уәде беру;

6) үшінші тұлғалардан асыра немесе жалған төлемдерді қабылдауға көмектесу немесе қабылдауға ықпал ету;

7) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және Академияның ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлықтар беру немесе алу.

12. Академияның қызметкерлері өздерінің кәсіби қызметінде келесі мінез құлық нормаларын қатаң сақтауы тиіс:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын орындау;

2) іскерлік қатынастарда адал және әдепті болу, лауазымдық міндеттерді жүргізудің кез келген адал емес тәсілдерінен аулақ болу;

3) Академияның беделін түсіруге қабілетті іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;

4) Академияның қызметтік жағдайы мен құпия ақпаратын, материалдық және материалдық емес активтерін жеке мақсатта пайдаланбау;

5) заңсыз әрекеттерге немесе олардың заңдылығы мен әдептілігіне күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеу;


6) әріптестерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау;

7) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеу және мұндай әрекеттерді көтермелемеу;

8) мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асырмау.

13. Егер өз іс-әрекеттерінің дұрыстығына немесе кез-келген басқа мінезқұлық нормаларына күмән туындаса, Академияның қызметкерлері комплаенсофигерге жүгіне алады.



|                                                                                  |                                                                                                                                                                    |                 |
|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ<br>АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ<br>ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-3.18-2025 |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                    | 13.02.2025 ж.   |
|                                                                                  | <u>Саясат</u><br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                            | Бет 9-14        |

## 6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы ісқимыл жөніндегі шаралар кешені

14. Академияның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметі Ректор бекіткен Жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

15. Академияның Жоспары Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірыңғай саясатты жүргізу мәселелерін үйлестіретін Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің тиісті құрылымдық бөлімшесімен және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің аумақтық Департаментімен (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) келісу рәсімінен өтеді.

16. Академияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметін жалпы үйлестіруді комплаенс-офицер туралы Ережеге сәйкес комплаенс-офицер жүзеге асырады.

17. Академияның қызметкерлері академияда белгіленген қағидаларға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның алдын алу жөніндегі қосымша іс-шараларды жүргізу жөнінде ұсыныстар енгізуге құқылы.

## 7. Сыйлықтар және өкілдік шығындар

18. Академияның іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық шығындарына қатысты адалдық пен ашықтық атмосферасын ынталандырады.

19. Үшінші тұлғалармен сыйлықтар алмасу келесі критерийлерге сәйкес келуі керек:


1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына толық сәйкес келу;

2) ақылға қонымды негізделген, пропорционалды болу, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз ақша қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып табылмау және ақша қаражатының өзге де түрлерін немесе баламаларын көрсетпеу, сондай-ақ сән-салтанат заты болып табылмау;

3) белгілі бір шешім қабылдау және т. б. үшін жасырын сыйақы немесе басқа заңсыз алушыға немесе этикалық емес мақсатпен қызмет, әрекет, әрекетсіздік, қамқоршылық, құқықтар беру, әсер ету әрекетіне мүмкіндік жол бермеу;

4) Академияның лауазымды тұлғалары және оларға теңестірілген тұлғалар үшін іскерлік беделін жоғалтуға әкеп соғуы мүмкін тәуекел туғызбайтындай болуы керек.

20. Академияда жүзеге асыратын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін қабылдауға тыйым

|                                                                                  |                                                                                                                                                                    |                 |
|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ<br>АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ<br>ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-3.18-2025 |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                    | 13.02.2025 ж.   |
|                                                                                  | <u>Саясат</u><br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                            | Бет 10-14       |

салынады. Іскерлік сыйлықтың немесе іс-шараның осы Саясаттың талаптарына сәйкестігіне күмән туындаған кезде лауазымды және оларға теңестірілген адам комплаенс-офицермен және тікелей жоғары тұрған басшымен кеңесу керек.

## 8. Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу

21. Мүдделер қақтығысын басқару сыбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды тетіктердің бірі болып табылады. Академиядағы мүдделер қақтығысымен байланысты тәуекелдерді іске асырудың алдын алуға және оларды реттеуге көп көңіл бөледі.

22. Академияның лауазымды және оларға теңестірілген тұлғалары өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Академияның мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері Академияның мүдделеріне қайшы келетін жағдайлардан немесе ситуациялардан аулақ болуға міндетті. Мүдделер қақтығысы (немесе оның туындау мүмкіндігі) туындаған жағдайда лауазымды және оларға теңестірілген адамдар осы ақпаратты тікелей Ректордың назарына жазбаша нысанда жеткізуге міндетті.

23. Мүдделер қақтығысын реттеу Академияның корпоративтік жанжалдарының алдын алу және реттеу жөніндегі Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

## 9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау

24. Академияның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және ішкі құжаттарға сәйкес оларды барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлейді.


25. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаудың мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне ұшырайтын және жеке пайда алу мақсатында да, Академияның пайдасын алу мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы жоғары Академияның қызметінің түрлері мен бизнес-процестерін анықтау болып табылады.

26. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау негізінде және Ректор бекіткен Жоспарға сәйкес жүргізіледі.

## 10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

27. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру — Академияның сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту жөніндегі қызметі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру әрбір қызметкердің борышы болып табылады және Қазақстан



|                                                                                  |                                                                                                                                                                    |                 |
|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ<br>АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ<br>ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-3.18-2025 |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                    | 13.02.2025 ж.   |
|                                                                                  | Саясат<br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                                   | Бет 11-14       |

Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

28. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру-адамның адамгершілік, зияткерлік, мәдени дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі.

### **11. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар**

29. Егер Академияда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алғаны туралы қандай да бір куәләндіру болса, бұл туралы жоғары тұрған басшыға және комплаенс-офицерге дереу хабарлау қажет.

### **12. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеу**

30. Академияда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарлар бойынша комплаенс-офицер ақылға қонымды мерзімде тексеру немесе қызметтік тергеу жүргізеді.

31. Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда, еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидатын негізге ала отырып, түзету шараларын қабылдау тергеп-тексерудің аяқталуы болып есептеледі.

### **13. Өзара ынтымақтастық**

32. Академияның өзара іс-қимыл қағидаты негізінде уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үшінші тұлғалармен өзара ісқимыл мақсатында ынтымақтасады:

- 1) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар жасалған жағдайлар туралы хабардар ету;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелеріне байланысты уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сұрау салулары бойынша кеңестерге (кездесулерге) қатысу/түсініктемелер беру.

### **14. Жауапкершілік**

33. Лауазымды және оларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ Академияның қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін



|                                                                                  |                                                                                                                                                                    |                 |
|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ<br>АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ<br>ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-3.18-2025 |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                    | 13.02.2025 ж.   |
|                                                                                  | <u>Саясат</u><br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                            | Бет 12-14       |

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тартылады.

34. Осы Саясаттың талаптарын орындау үшін Академияның қызметкерлері өз құзыреті шеңберінде жауапты болады.

### **15. Қайта қарау және өзгерістер енгізу тәртібі**

35. Академияның Саясатты іске асыру тиімділігіне тұрақты мониторингті жүзеге асырады.

36. Қабылданған Саясатты қайта қарау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына тиісті өзгерістер енгізілген немесе Саясаттың жеткіліксіз тиімді ережелері анықталған жағдайда жүргізілуі мүмкін.

**Әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар  
саясаты жөніндегі бөлім басшысы**



**Е.Скакое**

|                                                                                  |                                                                                                                                                                    |                 |
|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ<br>АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ<br>ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-3.18-2025 |
|                                                                                  |                                                                                                                                                                    | 13.02.2025 ж.   |
|                                                                                  | <u>Саясат</u><br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                            | Бет 13-14       |

## КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

|                                                                       |                                                                                     |                 |
|-----------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
| <b>Өзірленді:</b>                                                     |                                                                                     |                 |
| Әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі бөлім басшысы  |   | Скаков Е.Ж.     |
| <b>Келісілді:</b>                                                     |                                                                                     |                 |
| Персоналды басқару бөлімінің басшысы                                  |   | Кайранова Г.Ж.  |
| Стратегиялық даму, тәуекелдерді талдау және бағалау бөлімінің басшысы |  | Молдабаева А.Е. |
| Заң бөлімінің басшысы                                                 |  | Тлегенова О.К.  |



|                                                                                   |                                                                                                                                                                    |                 |
|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ<br>АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ<br>ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ<br>МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-3.18-2025 |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                    | 13.02.2025 ж.   |
|                                                                                   | Саясат<br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                                   | Бет 14-14       |

### ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

| №   | Бөлімше | Т.А.Ж. | Күні | Қолы |
|-----|---------|--------|------|------|
| 1.  |         |        |      |      |
| 2.  |         |        |      |      |
| 3.  |         |        |      |      |
| 4.  |         |        |      |      |
| 5.  |         |        |      |      |
| 6.  |         |        |      |      |
| 7.  |         |        |      |      |
| 8.  |         |        |      |      |
| 9.  |         |        |      |      |
| 10. |         |        |      |      |
| 11. |         |        |      |      |
| 12. |         |        |      |      |
| 13. |         |        |      |      |